



Автор: АБДЕНБАЕВА ГУЛЬЖАН МАКЕНБАЕВНА

Пән: География

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Халық географиясы

Тақырып: Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай

Сабақтың мақсаты:	Дүние жүзі халқының сандық көрсеткіштерін талдау
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология туу өлім табиғи өсім демографиялық жарылыс демографиялық дағдарыс халықтың жастық-жыныстық құрамы халықтың өсу қарқыны халық саны фертильділік коэффициенті өмір сүру ұзақтығы нәресте өлімі миграция халықтың тығыздығы экспоненциалды өсім логистикалық өсім Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер Халық санын анықтаудың ... әдістері бар; Туу дегеніміз ... ; Өлім-жітім коэффициенттерін ... арқылы анықтайды; Табиғи өсімнің механикалық өсімнен айырмашылығы ... ; Екінші салдары... болуы мүмкінТағы бір себебі, болып табылады. Солтүстік/оңтүстік/батыс/шығыс жартышарларында ...байқалады
Бағалау критерийлері:	«Жетті» деп есептеледі, егер:, елдердің демографиялық жағдайын талдай алса: демографиялық көрсеткіштерді есептей алса; халық саны, туу және өлім коэффициенттерін есептей алса; табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштерді есептей алса; ұлттық және діни құрамдарды анықтай алса;
Құндылықтарды дарыту:	Құндылықтарды дарыту топтық, жұптық жұмыстарды жүргізу барысында оқушылар бір - біріне құрмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ дағдыларын дамыту өздеріне қажетті ақпараттарды іздеп табуда ғаламторды қолдануда және карталар мен презентация қолдану барысында жүзеге асады.
Пәнаралық байланыс:	Экономика және математика пәндерімен байланыс жасайды.
Бастапқы білім:	Халықтың ұдайы өсуі тақырыбы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-30 минут)	Сәлемдесу, түгелдеу, қолайлы орта қалыптастыру, Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызу мақсатында сыныпты «От», «Су», «Күн» суреттері арқылы топқа бөлу. Оқушылар топқа бөлініп орындықтарға орналасқаннан кейін психологиялық мінездеме беру.От. Қай кезде де, қандай жағдайда да от болып жанып, өз білімдерін насихаттай білетін жандар. Су. Жандары жақсылықты сүйетін, көңілдері судай таза, жаңалықтарға жаны құмар оқушылар.Күн. Жанындағыларға жылу сыйлап жарқырап жүретін сәуле шашып белсенділікпен жұмыс жасайтын топ. - Оқудан күтілетін нәтижелерді белгілеу. Жаңа сабақты түсіндіру. Бейнебаяндар көрсету, бейнебаяннан көргендерін дәптерге түртіп отырғызу, қосымша сұрақтар бере отырып түсіндіру демографиялық көрсеткіштерді түсіндіру: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрамдар туралы түсіндіру.	http://countrymeters.info/ru/World https://bilimland.kz/kk/courses/geografiya-kk/duniezhuizhalqy/lesson/duniezhuizhalqy

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30-78 минут)	Тапсырма 1 Жұптық жұмыс. Қосымша 1 дегі статистикалық мәліметті пайдаланып, әр жұп 2016 жылғы Қазақстанның жалпы туу және өлім коэффициентін есептейді, Туу және өлім коэффициентін есептеу формуласын түсіндіру $KT = T/X \cdot 1000$ $KӨ = Ö/X \cdot 1000$; X Халық саны Туылғандар саны Өлгендер саны 17733100 399458 157615 Табу керек: $KT-?K-?$ Сосын бірнеше басқа мемлекеттерді беруге болады. Бағалау : жұптар жұмыстарымен алмасады. Сөйтіп өзара бағалайды. Бағалау р/с Дескрипторлар Дж халқының сандық көрсеткіштерін талдау 1 демографиялық көрсеткіштерді есептей алады. Жұптық жұмыс Тапсырма 2. Механикалық өсім бойынша Әр жұп қосымша 2 тегі стат. мәліметтерді зерделейді. Миграция ең көп мемлекеттер мен ең аз мемлекеттерді анықтайды, олардың себебін жазады. Жекелеген мемлекеттермен салыстырма жүргізсе де болады. Бағалау : жұптар жұмыстарымен алмасады. Сөйтіп өзара бағалайды. Мұғалім бағалап шықса да болады. Бағалау р/с Дескрипторлар Дж халқының сандық көрсеткіштерін талдау 1 демографиялық көрсеткіштерді пайдаланып, механикалық өсім бойынша зерделеу жүргізе алады. . Топтық жұмыс Тапсырма 3. Ұлттық құрам бойынша Қосымша 3 тегі стат мәліметтерді пайдаланып, Қазақстанның және көршілес екі мемлекет Қытай мен Ресейдің ұлттық құрамын зерделеп, постер жасату. Бағалау : топтар өз жұмыстарын қорғайды. өзара бағалайды. Бағалау р/с Дескрипторлар Дж халқының сандық көрсеткіштерін талдау 1 демографиялық көрсеткіштерді пайдаланып, елдердің ұлттық құрамына зерделеу жүргізе алады. .	«Geohive» сайты: http://www.geohive.com/earth/pop_continent.aspx «Populstat» әр елдің халқының орналасуы жөніндегі толық статистиканы, сондай-ақ әр мемлекет туралы қосымша ақпаратты қамтиды: http://www.populstat.info/ www.sln.org.uk/geography/thinking_skills_geography/ Халық және тұрғындар бөлімін қараңыз «Баламалы» сайт http://www.otherwise.com/population/index.html Бұл сілтемеде халық статистикасы туралы ақпарат беріледі: http://en.wikipedia.org/wiki/population_growth
Сабақтың соңы (76-80 минут)	Кері байланыс. "Бағдарламалық әдісі" Жасыл – мен түсіндім Сары – мен түсінемін, бірақ барлығын емес. Қызыл – мен үсінбедім Үй жұмысы: Жекелеген мемлекеттердің демографиялық көрсеткіштері бойынша есептер шығару Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға графикалық түрде тапсырмалар бергенде көшбасшылық жасауға мүмкіндік беру. Қабілеті төмен оқушыларды қабілеті жоғары оқушылармен бірге жұмыс жасату керек. Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Бағалау критерийлері арқылы бағалау; Өзін-өзі бағалау; Өзара топтық бағалау Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Техникалық қауіпсіздік ережелерін ғаламтормен жұмыс жасағанда тоқ көзін дұрыс қолдануда сақ болу. Сабақ басында оқушылардың зейіндерін бір ортаға шоғырландыру үшін жаттығу жасайды. Техникалық қауіпсіздік ережелерін ғаламтормен жұмыс жасағанда тоқ көзін дұрыс қолдануда сақ болу.	Түрлі –түсті стикерлер.
Рефлексия (80-85 минут)	Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?	Түрлі –түсті стикерлер.